

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.1, Ч.2 - С.140-144

## **ҚАЗАҚСТАНДА ІШКІ КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІН ҮЙЛЕСТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

***Бодаухан Қ.,  
Садвақасова Ә.***

Мемлекет аумағындағы көші-қон үрдісі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және демографиялық, аумақтық тұрақты дамуының маңызды факторы болып табылады. Біздің елдегі ішкі көші-қон басқа дамушы елдерден ерекше айырмашылығы болмағанмен өзіндік ерекшеліктері де бар.

Көші-қоннан не күтуге болады? Мемлекеттік органдар арқылы мемлекеттің ішкі көші-қонын қалай бақылауға болады? Осыған байланысты көші-қон проблемаларын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Көші-қонмен байланысты процестерді зерттеумен айналысатын арнайы қызметтер мен мекемелер, ғылыми топтар бар, алайда халықтың әртүрлі демографиялық көрсеткіштерін сандық бағалау, олардың құрылымын, динамикасын және халықтың өмір сүру циклімен байланысты басқа да процестерді анықтау анағұрлым қызықтырады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық қарқынды дамуы үшін басым және маңызды міндеттердің бірі ішкі көші-қонды реттеу болып табылады. Ішкі көші-қон саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру өңірлік еңбек нарықтарына ғана емес, елдегі жалпы демографиялық жағдайға да әсер етеді.

Кесте 1. Қазақстан Республикасындағы 2010-2017 жж. ішкі көші-қон, мың адам

	<b>2010</b>	<b>2011</b>	<b>2012</b>	<b>2013</b>	<b>2014</b>	<b>2015</b>	<b>2016</b>	<b>2017</b>	<b>2010-2017</b>
<b>Ақмола</b>	-5,6	-4,8	-1,6	-0,5	-2,8	3,7	-13,6	1,5	-23,7
<b>Ақтөбе</b>	2,7	-2,9	-2,7	-1,6	-0,3	-1,6	-2,6	-0,6	-9,6
<b>Алматы</b>	3,9	2,4	5,5	1,6	-5,5	-11,5	-3,7	-6,7	-14,3
<b>Атырау</b>	-1,6	-0,9	0,1	-0,1	0,4	-0,03	-0,2	-0,05	-2,38
<b>Батыс Қазақстан</b>	-2,1	-1,1	-0,8	-0,2	-0,9	,2	-2,5	-1,3	-8,7
<b>Жамбыл</b>	-8,5	-12,2	-7,5	-6,8	-7,8	-8,5	-15,6	-16,4	-83,3
<b>Қарағанды</b>	-1,2	-1,9	-2,1	-1,7	0,5	-0,4	-6,9	-6,3	-20
<b>Қостанай</b>	-2,9	-2,7	-1,2	-1,3	-0,5	,1	-4	-2,3	-13,8
<b>Қызылорда</b>	-3,9	-3,1	-1,7	-2,2	-2,6	-3,2	-6,6	-4,6	-27,9
<b>Маңғыстау</b>	2,3	3,1	2,3	0,9	1	0	-2,4	-0,3	7,6

						,7			
<b>Оңтүстік Қазақстан</b>	-13,1	-15,9	-11	-12,4	-13,6	-14,5	-29,5	-15,4	-125,4
<b>Павлодар</b>	-1,8	-2,2	-0,6	0,1	-0,3	0,3	-2,9	-3,1	-10,5
<b>Солтүстік Қазақстан</b>	-3,1	-3,8	-3	-2,8	-2,7	-1,6	-4,7	-2,9	-24,6
<b>Шығыс Қазақстан</b>	-6,7	7	-5,3	-5	-5	-4,2	-11,3	-9,8	-54,3
<b>Астана қаласы</b>	33,1	30,7	19,6	16,5	17,5	-2,5	76,9	36,5	228,3
<b>Алматы қаласы</b>	8,5	22,3	10	15,8	22,6	41,9	29,6	31,7	182,4

*Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті*

Республикада соңғы 8 жылда ішкі көші-қон саны 366 мыңнан 2017 жылы 603 мың адамға жетті. Оның ішінде 55% өңіраралық көші-қон. Халықтың аймақаралық көші-қонымен салыстырғанда өңіраралық көші-қон деңгейі үлкен. Аймақаралық көші-қон жалпы саны 2007 ж. 139,5 адамнан 2017 жылы 328,4 мың адамға жетті. Өңіраралық көші-қон 172,2 мың адамнан 602,4 мыңға жетті. Көші-қон үрдісінің ең басты бағыттары Астана және Алматы қалалары. 2017 жылы ішкі көші-қон санының басым бөлігі осы қалаларға келеді (24% Астана, 21% Алматы). Осылайша, 2013 жылдан бастап Қазақстанда қалалану (урбанизация) тенденциясы қарқынды дамуда. 2017 жылы аймақаралық көші-қон нәтижесінде қалаға келушілердің саны 234,1 мың адам, ал қаладан кетушілердің саны 218,3 мың адамды құрады. Статистикалық ақпараттар бойынша аймақаралық көші-қон сальдосы +34 адамды құрады. Осылайша, ауылды мекендерде ауыл тұрғындарының саны 49,8 адамға қысқарды.

Бүгінгі таңда Қазақстан өңірлерінде демографиялық біркелкі емес жағдай қалыптасты. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, елдің оңтүстік өңірлерінде халықтың 38% тұрады, ал олардың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі тек 17% - ды құрайды. Солтүстік өңірлерде халықтың 29% - ы жалпы өңірлік өнімнің 25% - ын өндіреді. Министрліктің болжамы бойынша 2050 жылға дейін оңтүстік өңірлердің халқы 5,2 млн. адамға ұлғаяды, ал оларда орналасу тығыздығы солтүстік облыстардың ұқсас көрсеткіштерінен төрт есе артық болады [1].

Көші-қон саясаты негізгі мақсаты ретінде: көші-қон процестерін басқару, тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету. Мемлекеттік қауіпсіздікті нығайту және адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде. Білікті жұмыс күшінің қажеттілігін қамтамасыз ету анықталады Мемлекеттік көші-қон тұжырымдамасына сәйкес алға қойылған мақсатқа қол жеткізу және демографиялық проблемаларды шешу үшін бірқатар міндеттерді шешу, оның ішінде демографиялық және экономикалық өсуді ынталандыруға негізделген көші-қон процестерін реттеудің тиімді моделін

құру, урбанизация процестері контексінде ішкі көші-қонды басқарудың тиімділігін арттыру және ішкі көшіп-қонушылардың қоныстануын оңтайландыру болжанады [2].

Соңғы жылдардың тән ерекшелігі ішкі көші-қон процестерін жандандыру болып табылады. Соңғы 8 жылда республикадағы ішкі көшіп-қонушылардың саны 2017 жылғы 366 мың адамнан 603 мың адамға дейін, 2018 жылғы 1-жартыжылдықта 428 мың адамға дейін ұлғайды, оның 55% - ы өңірлік көшуге келеді. Ел халқының өңірішілік қозғалуы өңіраралық көрсеткішпен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Өңіраралық көші-қон айналымы 2007 жылы 139,5 мың адамнан 2017 жылы 328,4 мың адамға дейін (192 мың адам) ұлғайды.

Ішкі көші – қонды тарту орталықтары үш ірі қала-Алматы, Астана және Шымкент, сондай-ақ Түркістан облысы болып табылады, оларға 2018 жылы ішкі көшіп-қонушылардың барлық ағынының жартысына жуығы келеді (Шымкент қаласына 16%, Алматы қаласына 13%, Астана қаласына 10% және Түркістан облысына 10%).

Өңірлердің демографиялық жағдайын жалпы қарастыра отырып, 2017 жылдың қаңтар-қараша айының қорытындысы бойынша Қазақстанның бес облысы: Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының халқының саны азайды.

Ішкі көшіп-қонушылар ағынының біркелкі еместігі, бейресми жұмыспен қамту еңбек нарығындағы теңгерімсіздікке әкеп соқтырады. 2020 жылға қарай еңбекке деген сұраныстың оң тренді 16% - ға өседі деп болжануда, бұл ретте барлық салаларда оң динамика байқалатын болады. Еңбек ресурстарына тұрақты сұраныс ірі қалаларда сақталады. Сонымен қатар, еңбекке қабілетті жасқа кіретін халық одан шығатын деңгейден асатын кейбір аймақтарда еңбек ұсынысының артық болуы қауіп туындайды, бұл жұмыссыздықтың өсуіне әкелуі мүмкін. Демек, көші-қон ағыны өседі.

Соңғы онжылдықта көші-қон процестерінің негізгі тенденциялары мен проблемалары былайша көрінеді:

1. Өңіраралық көші-қон мониторингінің жеткіліксіздігі;
2. Еңбек нарығының, оның ішінде төмен және жоғары білікті кадрларға қажеттілікті мониторингілеу және бағалау жүйесінің жетіспеушілігі;
3. Рұқсатсыз, оның ішінде бірыңғай экономикалық кеңістіктен жұмыс істеуге келген азаматтарды есепке алудың болмауы.
4. Шетелдік еңбек нарықтарына білікті мамандардың, жастардың көптеп кетуі

Қазақстанда қалыптасқан демографиялық тренд ішкі көші-қон ағымдары мен бағыттарына елеулі ықпал ететін болады және елдің стратегиялық жоспарларына сәйкес оның басқарылатын түзетулерін талап етеді.

Қоныс аудару мотивациясына әсер ететін факторлар көші-қон үрдісінің барысы «итермелейтін» және «тартатын» теория негізінде алып қарастырылады. Осы теорияға негізделе отырып, әрбір өңір үшін тән, осы аумақтағы халықты ұстап тұратын (бейтарап факторлар), оны итеретін (push-

factors) немесе тартатын (pull-factors) факторларды бөліп көрсетуге болады. Жұмыс күшін тарту факторларына ірі және серпінді дамып келе жатқан қалаларда жұмыс күшіне деген артық сұранысты жатқызуға болады, сол арқылы тартушы факторлары бар өңірлер көшіп келу ағындарын қабылдауда. Итермелейтін факторлар, әдетте, аймақтағы жұмыс күшінің артық ұсынысына қатысты байқалады және төмен жалақы мен жоғары жұмыссыздықта көрінеді.

Алайда, Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі климаттың қолайлы жағдайы, халық тығыз орналасқандықтан әр-түрлі қызмет саласын дамытуға мүмкіншіліктің туындауына себеп болғанмен жұмыссыздық деңгейі өте жоғары. Өйткені, бұл өңірлерде халықтың табиғи өсімі жоғары және көрші Өзбекстан республикасында тұратын қазақтардың басым бөлігінің осы аумаққа қоныс аударуы, яғни сыртқы көші-қон ағыны жоғары. Бұл осы өңірлердегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың кері әсерлерінің туындауына әкелуде.

Сондай-ақ, әлеуметтік теңсіздік және табыс деңгейін арттыру көздерін іздеу бақыланбайтын көші-қон ағындарына ғана емес, сондай-ақ жұмыспен қамтудың бейресми нысандарын дамытуға да ықпал ететінін атап өткен жөн. Мысалы, бейресми жұмыспен қамтудың ең көп үлесі бар облыстардың қатарына Оңтүстік Қазақстан (16,3%), Алматы (16,7%), Жамбыл (9,8%) облыстары кіреді. Жалпы, бұл 3 облыс жалпы бейресми жұмыспен қамтудың 40% - дан астамын қамтиды.

Мемлекет тарапынан жүргізіп отырған еңбек ресурстарын оңтүстік өңірлерден солтүстікке көшіру саясаты өңірлерде демографиялық теңгерімсіздікті реттеу тетіктерінің бірі және елдің төрт облысында – Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында халық санын азайюын, демографиялық теңгерімсіздікті реттеуге бағытталуда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 919 Қаулысымен «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. Бұл бағдарлама солтүстік өңірлерде еңбек ресурстарының тапшылығын реттеу жөніндегі негізгі құрал болуы тиіс. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінен солтүстік өңірлерге қоныс аудару бағдарламасы басты проблемалардың бірін – Қазақстан аумағы бойынша, әсіресе оңтүстік пен солтүстік арасындағы халықты қоныстандырудың сәйкессіздігін шешуге мүмкіндік береді.

Қоныс аударудың негізгі дәлелі ретінде мемлекеттің оңтүстік облыстарды "жеңілдетуге" ұмтылуы және солтүстік облыстарда еңбек ресурстарының тапшылығын толықтыру болып табылады. Теріс салдарларды бейтараптандыру және еңбек көші-қоны нәтижесінде алынатын оң әсерді күшейту үшін осы процесті ұлттық және мемлекетаралық реттеудің кең жүйесі құрылды.

Оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге көшіру жөніндегі тетіктер және тұтастай алғанда, көші-қон процестері өңірлік, сондай-ақ

республикалық деңгейде де пысықтауды және жетілдіруді талап етуде.  
Мұнда:

- әлеуметтік қорғау жүйесіне нақты қолжетімділікті қамтамасыз ету көшіп-қонушыларды әлеуметтік қолдау жөніндегі ойластырылған және кешенді іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру;

- өңірлердегі демографиялық ахуалды және тұрақты қоныстану үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ете отырып ерікті қоныс аударушыларды тарту үшін - тұрғын үй беру, бизнес бастау үшін кепілдіксіз несие, жер учаскелерін беру және т.б.- ынталандыру тетігін жасау;

- өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен еңбек нарығын ескере отырып, ерікті қоныс аударушыларды жаңа ортаға бейімделуі және жергілікті әлеуметтік ортаға кірігу тетіктерін жетілдіру;

- ерікті қоныс аударушыларға көмек көрсету бағдарламаларын өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларымен тиімді байланыстыру, тұрғылықты жерін таңдау, мемлекет кепілдік берген негізгі құқықтар мен бостандықтарды іске асыруға ықпал ету, бақылау;

- жайластыруға жұмсалған бюджет қаражатын қайтаруға және қайта инвестициялауға мүмкіндік беретін жүйе құру;

- кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру;

- ерікті қоныс аударушылардың әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жекелеген өңірлер бойынша жүйелі негізде "әлеуметтік зерттеулер" жүргізу, олардың жаңа мекендегі өмірге бейімделуі мен кірігуі бойынша зерттеулер жүргізу негізінде қажетті шаралар қабылдаған дұрыс.

Сайып келгенде аталған бағыттарды іске асыру ішкі көші-қон үрдісі мен ерікті қоныс аудару бағытын сұранысқа ие өңірлерге тарту үшін қажетті жағдайлар жасайды, өңірге неғұрлым белсенді, еңбекке қабілетті жастағы білікті кадрларды тартуға мүмкіндік береді, экономикаға, еңбек ресурстарының саны мен құрылымына, өңірдегі көші-қон және демографиялық ахуалға оң әсер етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2017-2021 жылдарға арналған тұжырымдамасы. / [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz).

2. Бодаухан К., Джусибалиева А.К., Кочийгит Ж. Экономические аспекты миграции населения из южных в северные регионы Казахстана / Материалы II международной научно-практической конференции «Экономический рост: проблемы, закономерности, перспективы».- Пенза, РФ, МЦНС «Наука и просвещение», 5 апреля 2018.- с. 200-203

3. Bodaukhan K., Musina R.S., Sadvakassova A.M. Analysis of the kazakhstan labor market and its development directions // «Статистика, есеп және аудит» журналы.- №3(74).- 2019.- 68-74б.